

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G•GLOBAL

Х Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

15 июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART I

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities » Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330.(063)

Әлеуметтік тұрғын үй ұсынысына келетін болсақ, онда республиканың бүкіл аумағында шамамен бірдей көрініс байқалады. Тұрғын үйдің басым бөлігі екінші реттік нарықта ұсынылады, сонымен қатар әлеуметтік тұрғын үй ұсынылатын бірінші реттік нарық нашар дамуда.

Әдебиет:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа жолдауы <http://www.akorda.kz>
2. ҚР Статистика жөніндегі агенттігі <http://www.stat.gov.kz>
3. Интернет ресурс: www.kn.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН КӨТЕРУ МАҚСАТЫНДА ЭКОНОМИКАҒА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тлесова Э.Б., Тулегенова Д.М.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: T.ilvira@mail.ru, tulegenova_dm@mail.ru

Әлемдік экономикада басым тенденция ретінде қарқынды дамып келе жатқан жаһандану халықаралық қоғамдастықта Қазақстан алдына жаңа шарттарға бейімделуді талап ететін стратегиялық міндет қойды. Бүгінгі таңда жаһандану - барлық мемлекеттер үшін, оның ішінде жас мемлекет Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын объективті және қайтарымызсыз үрдіс. Жаһандану әлемдік экономикада интернационализациялаудың жаңа кезеңі ретінде еліміздің ұлттық экономикасына елеулі пайда алып келеді, яғни бәсекеге қабілеттілігін арттыра түседі. Жаһандану елімізге заманауи телекоммуникациялық жүйелерге қосылуға, еліміздің трансұлттық корпорацияларын дамытуға, қаржылық және банк жүйелерін құрылымдық жаңартуға, инвестицияларды тартуға, алдыңғы қатарлы оқыту бағдарламалары арқылы халық сауаттылығын жоғарылату мүмкіндіктерін береді.

Жаһандану елімізге елеулі өзгерістер енгізетіндіктен, еліміздің бәсекеге қабілеттілігі де өзгеріске ұшырайды. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі - қордың шектеулі жағдайында әлемдік экономикада белгілі бір орынға ие болуға мүмкіндік беретін мемлекет экономикасының маңызды бөлігі. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі факторларға мыналарды жатқызуға болады:


- ел тұрғындарының өмір сапасының деңгейі;
- мемлекет облыстарының немесе аймақтарының толық бәсекеге қабілетті болуы;
- өндіріс көлемін және экспортқа бағытталған өнімдерді шығаруды дамыту;
- инновациялық даму;
- инвестицияларды тарту;
- жоғары технологияларды пайдалану.

Соның ішінде, елімізге инвестиция тарту, бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатудың маңызды факторларының бірі болып саналады. Инвестицияларды экономикаға тарту ішкі жинақтардың және қаражаттардың жетіспеушілігінен құтылуға, өндірістің өсуіне, экспорттың жоғарылауына, импорттың төмендеуіне, тауарлық тапшылықтың қысқаруына және өндірісті ұйымдастырудың тиімділігін жоғарылатуға көмектеседі. Қазіргі кезде, инвестициялардың нақты тиімділігі жұмыс орындарының көбеюінен, жаңа өндірістердің пайда болуынан, еңбек өнімділігін арттыру үшін жағдайдың жақсаруынан көрінеді. Сондықтан еліміздің инвестиция саласын одан әрі жетілдіру мәселесінің маңызы артуда. Қазіргі таңда шетелдік инвестицияларды елдің экономикасына тартудың әр түрлі жолдарын қарастыру алға шығуда. Нарықтық экономика жағдайында инвестициялау мүмкіндіктері өте көп.

Сонымен қатар Қазақстан 30 елдің қатарына кіру мақсатында ел экономикасын дамыту, экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін еңбек етуде. Ал инвестициялық қызмет - рентабельділікті көтеру, тиімді экономиканың өсуі үшін негізгі тұтқа қызметін атқарады. Өнімділіктің негізгі құралы ретінде инвестициялық әрекет экономикалық ортаға жаңа элементтер енгізетін әрекетке ие. Бұл кәсіпорын шеңберінде өнім өндеуде ұтымдылықты қамтамасыз етуге, ресурстарды тиімді пайдалануға және әрине өзіміз айтып өткендей экономикалық дамуға әкеледі. Қазақстанда дәл қазір бұған толықтай қолымыз жетпей отыр. Еліміздегі кәсіпорындардың экономикасы дамыту үрдісінде инвестициялар тарту саласында мемлекеттік саясатты жетілдіру мен оны дәйекті түрде жүзеге асыру үлкен мәнге ие болып отыр.

Инвестицияның экономикадағы деңгейін ЖІӨ-нің құрамындағы инвестиция үлесі арқылы бағалауға болады. Қазақстанда бұл деңгей соңғы онжылдықта айтарлықтай төмендеді. 2000 жылдардың соңында инвестиция ЖІӨ-нің 26-35%-ын құраса, дағдарыстан соң 2008-2009 жылдары бұл көрсеткіш 16-17%-ға дейін төмендеді.

Енді негізгі капиталға салынған инвестициялардың қаржыландыру көздерінен капитал салыну бағыттарына дейінгі жолды қарастырайық. Ресми деректерге сүйенсек, экономикамызға бағытталған мемлекеттік инвестициялардың үлесі салыстырмалы түрде төмен екенін көре аламыз. 2016 жыл бойынша тек 15,2% капитал салымдары республикалық және жергілікті бюджетпен қамтамасыз етілген, 24,1%-ы екінші деңгейлі банктерден немесе шетел кәсіпорындарынан тартылған. Негізгі инвесторлар кәсіпорынның өздері екенін байқаймыз. 2008 жылда кәсіпорынның өз қаражаттары 40,5%-ды құраса, 2016 жыды 60,7%-ға өскен. Бұл инвестициялық жобаларға займдық ресурстарды тарту қабілетінің әлсіздігін көрсетеді.



1 - Сурет – Негізгі капиталға салынған инвестициялардың құрылымдары, пайызбен [1]

Салыну бағытына қарай капитал салымдары қайда кететінін, инвестиция құрылымы сипаттайды. Олар Қазақстанда 3 басым секторға шоғырландырылған:

- кен өндіру;
- транспорт;
- жылжымайтын мүлік операциялары.


Сонымен бірге өңдеу өнеркәсібі, энергетика сияқты секторларды есептесек, 5 секторға бағытталған инвестиция жалпы көлемнің 80%-ын құрайды.

Инвестицияларды бөлудің аймақтық құрылымына тоқтасақ, Атырау облысы - негізгі мұнай өндіру аймағы болғандықтан, инвестиция тартудан бірінші орында. Келесі жылжымайтын мүлік жобаларының үлкен үлесі, мемлекеттік басқарудың үлкен секторы және

бірнеше өңдеу зауыттары бар Астана облысы тұр. Үшінші орында қызмет көрсету, қаржылық және сақтандыру, транспорт сияқты секторлары инвестициялық тартымды болып келетін Алматы облысы. Сонымен қатар металлургиялық кәсіпорындарға танымал Оңтүстік Қазақстан мен Павлодар облыстарын атап кетуге болады.


Қазақстан инвестициялар үшін өңірдегі барынша тартымды елге айналды. Халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша, Орталық Азияға келген барлық шетелдік инвестициялардың 80 пайыздан артығы Қазақстанда шоғырланды. Елге тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың жан басына келетін көлемі бойынша Қазақстан ТМД мемлекеттерінің арасында көшбасшы болса, ал осы елдер арасында инвестициялық сыныптың халықаралық рейтингін алған бірінші ел болды.

2010 жылдан бастап Қазақстанның мақсаты экономиканың шикізаттық емес секторындағы өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және тепе-тең дамуын қамтамасыз ету, сондай-ақ қолдағы барды сақтап, жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру болып табылатын «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы қолға алынғалы оны орындау жұмыстары қарқынды жүруде. Әлемде кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің мұндай бағдарламасының баламасы еш жерде жоқ. Ал Қазақстанда бұл бағдарламаға тек 2012 жылы ғана шамамен 37 миллиард теңге бөлінді. Жұмыс істейтін адамдарының жалпы саны 130 мыңға жуық бір мыңнан астам кәсіпорындарға барлық бағыттар бойынша қолдау көрсетілуде. «БЖК-2020» бағдарламасы бойынша қатысушылардың экономикалық басым секторлары: агроөнеркәсіп кешені, кен өндіру өнеркәсібі саласындағы техникалық қызметтер, жеңіл өнеркәсіп, жиһаз және құрылыс материалдарын өндіру, металлургия, металл өңдеу, машина жасау, көлік және қоймалау, туризм, ақпарат және байланыс, кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет, әлеуметтік сала. Алдағы кезеңде инвестиция әлеуетін ауыл тұрмысын жаңғыртуға жұмсау қолға алынуда.



2 - Сурет – Негізгі капиталға салынған инвестициялардың салалық құрылымы, пайызбен [1]

Төмендегі суретте 2012-2016 жылдар аралығындағы Қазақстанға салынған тікелей шетел инвестицияларының көлемі көрсетілген. 2012-2015 жылдар аралығында инвестициялар көлемі 2 есеге жақын қысқарған, ал 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда шетел инвестицияларының көлемі артқан. 2015 жылы инвестициялау көлемі айтарлықтай қысқарған себебі девальвация әсері, тұрақтылық орнаған соң инвестициялау көлемі қайта арта түсті.



3 - Сурет – Қазақстан экономикасына құйылған тікелей шетел инвестициялары, млн доллар [2]

Ал, енді инвесторларға келетін болсақ, 2012-2016 жылдар аралығында инвестициялау көлемі бойынша бірінші орында Нидерланды елі болып табылады, сонымен қатар алдыңғы қатарлардан көрінетін АҚШ, Швейцария, Қытай елдерін атап кетуге болады. Шетел инвестицияларының негізгі ағындары тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, қазіргі уақытқа дейін мұнай-газ аясына бағытталған.

Қазақстан инвестиция тартуға қолайлы елдердің бірі. Осы қолайлылық жағдайын пайдалана отырып, еліміз бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет. Қазіргі уақытта инвестицияның басым бөлігін шикізаттық бағытқа бағытталған, яғни мұнай-газ саласына бағытталып отыр. Бұл біздің ең басты кемшілігіміз. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін еліміз жан-жақты дамуы қажет. Сонымен бірге инвестиция мұнай-газ саласына басым болғандықтан, еліміздің аймақтық дамуы бірқалыпты емес. Яғни, кен өндіру немесе мұнай-газ саласы дамымаған аймақтардың жағдайы салыстырмалы түрде төмен. Бұл жұмыс орындарының аздығымен, жұмыссыздық деңгейі мен жалақы мөлшерінен көрініс табады. Сондықтан да Қазақстан алдағы уақытта басқа салалардың инвестициялық тартымдылығын жоғарылату мақсатында іс-шаралар жүргізуді күшейту қажет. Сонда ғана еліміз жан-жақты дамыған бәсекеге қабілетті мемлекет болады.

Әдебиет:

1. Ресми статистикалық ақпарат //Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты www.stat.gov.kz
2. Ресми статистикалық деректер //Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі www.nationalbank.kz.

PROVISION OF TRANSPORT SECURITY IN ERASIAN ECONOMIC UNION MEMBER STATES

Zhanabergenova M.A.

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: m.zhanabergenova@gmail.com

One of the important sectors of the economy of each state is transportation as the level of development of this sector determines the quality of life, mobility of the population, the free movement of goods and services and the accessibility of territories.

Today, the Eurasian Economic Union (EurAsEC) pays great attention to the creation of a common market for transport services and a single transport space. The common market of transport services provides for the formation of unified approaches to the development of